

## Аңдатпа

Дипломдық жұмыста ПП-0611 типті лифтісінің электр жетегін жетілдіру қарастырылды. Лифт электр жетектеріне талдау жасалып, оған қойылатын техникалық талаптар қарастыралыды. ПП-0611 лифтісінің сипаттамасы және құрамы талданып, оның электр жетегі ретінде бір жылдамдықты, жиілік түрлендіргіштерден қорек алатын асинхронды электр жетегі қабылданды, яғни ЖТ-АҚ жүйесі арқылы қарастырылды. Лифт пен шахта есіктерінің электр жетектерінің жұмыс істеу ерекшеліктері, есіктерді ашып-жабу басқару бөлігінің сұлбалары көрсетілді. Электр қозғалтқышының қуаты есептеліп, электр жетегі ретінде жиілікті түрлендіргіш таңдалды.

Басқару шкафы қарастырылып, талданды. Лифт электр жетегінің ЖТ-АҚ үлгісін құрдым.

Арнайы бөлімде электр жетегі құрылғыларымен электр энергиясын үнемдеу мәселері, электр жетектің энергиялық күштік қандалдары қарастырылды. Өтпелі процестердің сипаттамалары тұрғызылды.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде техникалық қондырғыларды пайдаланудағы еңбек жағдайы, қауіпсіздік шаралары қарастырылып, лифт жүйесін басқару мекемесіндегі жұмыс бөлмесінде жасанды жарықтандыруға және аспирация жүйесіне есептеу жүргізілді.

Лифтті жетілдіру кезіндегі техника экономикалық негіздері, лифтті жобалағандағы капиталды шығындарды экономикалық бөлімде көрсеттім. Сонымен қатар жаңа техниканы енгізуден келетін экономикалық тиімділікті, оның өтелу мерзімін есептедім.